

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы акционерлерінің  
кезектен тыс жалпы жиналысының  
ХАТТАМАСЫ**

010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша орналасқын «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Қоғам») акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – «Жиналыс») 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, 1201 конференц-залы, 12-ші қабат мекен-жайы бойынша 2013 жылғы 16 сәуірде 10 сағат 30 минутта өткізілді.

Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор Мәлік Оралұлы Сәулебай Жиналыстың ашылғаны туралы жариялады және Қоғамның есеп комиссиясының төрағасы Райымбек Ерден Ғалымұлына сөз берді.

Есеп комиссиясының төрағасы «Бағалы қағаздардың бірінғай тіркеушісі» АҚ ұсынған Қоғам акционерлерінің тізіміне сәйкес 2013 жылдың 1 жағдай бойынша Қоғам орналастырған акциялардың жалпы саны 74 357 042 дананы, олардан басымдықты акциялар – 4 136 107 дананы, қарапайым акциялар – 70 220 935 дананы құрайтындығын мәлімдеді. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 1 бабының 8) тармақшасына сәйкес Қоғам сатып алған акциялар, номиналдық ұстаудағы және ол туралы мәлімет орталық депозитарийдің есебі жүйесінде жоқ меншік иесіне тиесілі дауыс беруші акциялардың санына кірмейді. Меншік иелеріне тиесілі, Орталық депозитарийдің есеп жүйесінде олар туралы мәлімет жоқ қарапайым акциялардың саны 26 621 666 дананы құрайды. Жиналыста Жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқы бар және Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан 99,1 %-ға ие 2 акционердің қатысып отырғандығы тіркелді.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 45 бабының 1-тармағының негізінде, егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтке оған қатысуға және онда дауыс беруге құқы бар, жиынтығында Қоғамның дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызына ие акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген болса акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша мәселені қарауға және шешім қабылдауға құқы бар.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу және күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру үшін кворум бар.

1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дан – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өндірілетін активтер департаменті директорының орынбасары, 43 087 006 қарапайым акциялардың (Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан 72,4 % ) иесі Тебериков Дамир Данильбекұлы (2013 жылғы 4 наурыздағы № 3-31 сенімхат бойынша);

2. Нью-Йорк Меллон Банктен (The Bank of New York Mellon) – 14 454 496 қарапайым акциялардың (Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан 24,9 % ) иесі Қайыржанов Арман Абылайұлы (2013 жылғы 15 сәуірдегі нөмірсіз сенімхат бойынша);

Жиыны: Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан 99,1 % («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ - 72,4 %, The Bank of New York Mellon – 24,9 %) ие екі акционер қатысып отыр.

Акционерлер жиналысының кворумы бар.

Сәулебай М.О. Қоғам Жиналысының төрағасы етіп - Тебериков Дамир Данильбекұлын сайлауды ұсынды. Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

**Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:** Қоғам Жиналысының төрағасы болып - Тебериков Дамир Данильбекұлы сайлансын.

Сәулебай М.О. Қоғам Жарғысының 10.39-тармағына сәйкес Қоғамның корпоративтік хатшысы Қоғам Жиналысының хатшысы болып табылатындығын хабарлады. Осыған байланысты, Қоғамның корпоративтік хатшысы Қасенов Асхат Серікұлын Қоғам Жиналысының хатшысы етіп сайлау ұсынылды.

Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқа дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс» - дауыс жоқ.

**Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:** Қасенов Асхат Серікұлы Қоғам жиналысының хатшысы болып сайлансын.

Одан кейін, Жиналыс төрағасы Д.Д. Тебериков Қоғам Жиналысында дауыс берудің тәртібі мен нысанын акционерлердің назарына жеткізді. Күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру нысанын ашық тәсілмен белгілеу ұсынылды.

Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқа дауыстардың жалпы саны – 1 дауыс.

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс» - дауыс жоқ.

**Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:** Қоғам Жиналысы күн тәртібінің мәселесі бойынша ашық тәсілмен дауыс беру нысаны белгіленсін.

Қоғам Жиналысының төрағасы Д.Д. Тебериков Жиналыстың регламентін белгілеу мәселесі бойынша Қоғам Жиналысының Хатшысы А.С. Қасеновке сөз берді. А.С. Қасенов күн тәртібінің мәселелері бойынша сөйлеушілерге он минутқа дейін, жарыссөздерде сөйлеушілерге бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есептеу комиссиясына жеті минутқа дейін уақыт беруді ұсынды.

Аталған мәселе бойынша басқадай ұсыныс түспегендіктен мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқа дауыстардың жалпы саны – 1 дауыс.

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс» - дауыс жоқ.

**Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:** Қоғам Жиналысының мынадай регламенті бекітілсін: күн тәртібінің мәселелері бойынша сөйлеушілерге он минутқа дейін, жарыссөздерде сөйлеушілерге бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есептеу комиссиясына жеті минутқа дейін.

Қоғам Жиналысының төрағасы Д.Д. Тебериков күн тәртібінің мәселесі бойынша Қоғам Жиналысының Хатшысы А.С. Қасеновке сөз берді. А.С. Қасенов 2013 жылғы 11 наурызда Қоғамның Директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылданғандығын хабарлады. Жиналысты шақыру туралы ақпараттық хабарлама 2013 жылдың 16 наурызында «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланғандығын хабарлады. Ірі акционерлерден күн тәртібіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы ұсыныс түскен жоқ.

Осылайша, мынадай күн тәртібін бекіту ұсынылады:

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы
2. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақылар төлеудің мөлшері мен шарттарын белгілеу.

Аталған мәселе бойынша басқадай ұсыныстар түспегендіктен мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқа дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс» - дауыс жоқ.

**Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:** Жиналыстың мынадай күн тәртібі бекітілсін:

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы
2. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақылар төлеудің мөлшері мен шарттарын белгілеу.

Күн тәртібінің **бірінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Д. Тебериков Қоғамның корпоративтік хатшысы А.С. Қасеновке сөз берді. Ол 2010 жылы 26 наурызда өткен Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Директорлар кеңесінің жұмыс істеп тұрған құрамының өкілеттігі мерзімі 3 жылға, яғни 2013 жылдың 25 наурызын қоса алғандағы мерзімге белгіленгенін хабарлады.

Жиналыс Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 11 наурыздағы шешімі бойынша өткізіледі. Жиналысты өткізу туралы құлақтандыру 2013 жылы 16 наурызында «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланды Қоғам Жарғысының 10.16-тармағына сәйкес). «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереженің» (Қоғам акционерлерінің 2007 жылғы 30 қазандағы жалпы жиналысымен бекітілген) (бұдан әрі – Директорлар кеңесі туралы ереже) 3.8-тармағына сәйкес акционерлер күн тәртібіне Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе енгізілген акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы акционерлер құлақтандырылған күннен бастап 15 (он бес) күннің ішінде Директорлар кеңесіне

кандидаттар ұсыну туралы ұсыныс енгізе алады. Көрсетілген мерзімдерде Қоғамның ірі акционері, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – ҚМГ ҰК) бір ұсынысы келіп түсті. Директорлар кеңесіне сайлауға мына кандидатуралар ұсынылды:

1. Киинов Ләззат Кетебайұлы - ҚМГ ҰК өкілі
2. Бимағамбетов Тимур Мұстахиұлы –«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
3. Сырғабекова Әсия Нарыманқызы - ҚМГ ҰК өкілі
4. Нұрсейітов Абат Ақмұқанұлы – Қоғамның Бас директоры (Басқарма төрағасы)
5. Дэйер Филипп – тәуелсіз директор
6. Уолш Эдвард Томас – тәуелсіз директор

Кандидаттар туралы ақпарат Жиналысқа материалда берілген.

Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8) тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жатады.

Қоғам Жарғысының 10.51 бабына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде дауыс беру кумулятивтік дауыс беру тәсілімен жүзеге асырылады. Әр акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша толықтай бір кандидат үшін дауыс беруге немесе оны бірнеше Директорлар кеңесіне мүшелікке кандидаттардың арасында бөлуге құқылы.

Коммулятивтік дауыс беру дауыс беруге қатысушы әр акцияға Қоғам органының сайланатын мүшелерінің санына тең дауыс саны келетін дауыс беру тәсілі ретіндегі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен айқындалады. Осылайша, Қоғамның әр акционерінің дауыс саны оған тиесілі қарапайым акциялардың санын Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелерінің санына – алтыға бөлумен тең.

Неғұрлым көп дауыс алған кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер екі немесе одан көп Директорлар кеңесіне мүшелікке кандидат бірдей дауыс жинаса, бұл кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру жүргізіледі.

Жаңа Директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзімін бір жылға белгілеу ұсынылады. Аталған мәселе бойынша шешім Қоғамның дауыс беруге қатысып отырған дауыс беруші акцияларының жалпы санынан қарапайым көпшілік дауыспен (Жарғының 11.2 бабына сәйкес) қабылданады.

Осылайша, акционерлердің қарауына мынадай шешім енгізіледі:

1. Кумулятивтік дауыс берудің нәтижелері бойынша неғұрлым көп дауыс жинаған кандидаттар Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері болып сайлансын:

2. Қоғам Директорлар кеңесінің өкілеттігі бір жылға (2014 жылдың 15 сәуірін қоса алғанда) белгіленсін.

Аталған мәселе бойынша басқа ұсыныстар түспегендіктен Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе коммулятивтік дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқа дауыстардың жалпы саны - 343 525 593 дауыс.

Киинов Ләззат Кетебайұлының кандидатурасы үшін	51 219 784 дауыс берілді
Бимағамбетов Тимур Мұстахиұлының кандидатурасы үшін	51 219 784 дауыс берілді
Сырғабекова Әсия Нарыманқызының кандидатурасы үшін	51 219 784 дауыс берілді
Нұрсейітов Абат Ақмұқанұлының кандидатурасы үшін	51 219 784 дауыс берілді
Дэйер Филипптің кандидатурасы үшін	69 301 300 дауыс берілді
Уолш Эдвард Томастың кандидатурасы үшін	69 345 157 дауыс берілді

Аталған мәселе бойынша басқа ұсыныстар түспегендіктен Қоғам Директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзімін бір жылға (2014 жылдың 15 сәуірін қоса алғанда) белгілеу туралы мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны - 57 541 502 дауыс.

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 57 323 720 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс» - 217 782 дауыс.

**Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:**

1. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің мүшелері болып сайлансын:

- 1) Киинов Ләззат Кетебайұлы;
- 2) Бимағамбетов Тимур Мұстахиұлы;
- 3) Сырғабекова Әсия Нарыманқызы;
- 4) Нұрсейітов Абат Ақмұқанұлы;
- 5) Дэйер Филипп – тәуелсіз директор
- 6) Уолш Эдвард Томас – тәуелсіз директор

2. Директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзімі бір жылға (2014 жылдың 15 сәуірін қоса алғанда) белгіленсін.

Күн тәртібінің **екінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Д. Тебериков Қоғамның корпоративтік хатшысы А.С. Қасеновке сөз берді. Ол Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8) тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне Директорлар кеңесінің мүшелеріне, оның ішінде тәуелсіз директорларға сыйақылар төлеудің мөлшері мен шарттарын белгілеу де жататындығын мәлімдеді. Акционерлердің жалпы жиналысына сыйақылар пакетін 2010 жылдың 25 мамырында акционерлердің жалпы жиналысы белгілеген түрде сақтау ұсынылады.

Осылайша, акционерлердің қарауына мынадай шешім енгізіледі:

1. Директорлар кеңесінің мүшелеріне – тәуелсіз директорларға олар Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған күннен бастап сыйақы төлеудің мынадай мөлшерлері мен шарттары белгіленсін:

- 1) Жылдық сыйақы – жылына 150 мың АҚШ доллары
- 2) Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатысу (бір мәжіліс үшін):  
Тікелей қатысу – 10 мың АҚШ доллары  
Телефон немесе бейнебайланыс арқылы қатысу – 5 мың АҚШ доллары.
- 3) Директорлар кеңесінің комитетінде төрағалық ету (жылына):  
Аудит жөніндегі комитет – 25 мың АҚШ доллары  
Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет – 15 АҚШ доллары  
Сыйақылар жөніндегі комитет – 15 АҚШ доллары.

4) Тәуелсіз директорлардың мәжілісі – бір мәжіліс үшін 2,5 мың АҚШ доллары.

2. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына жоғарыда айтылған талаптарда Қоғамның тәуелсіз директорларымен жасалатын шарттарға Қоғамның атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

Мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны - 57 541 502 дауыс.

**Дауыс берді:**

- «Қолдап» - 57 343 244 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс» - 198 258 дауыс.

**Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:**

1. Директорлар кеңесінің мүшелеріне – тәуелсіз директорларға олар Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған күннен бастап сыйақы төлеудің мынадай мөлшерлері мен шарттары белгіленсін:

- 1) Жылдық сыйақы – жылына 150 мың АҚШ доллары
- 2) Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатысу (бір мәжіліс үшін):  
Тікелей қатысу – 10 мың АҚШ доллары  
Телефон немесе бейнебайланыс арқылы қатысу – 5 мың АҚШ доллары.
- 3) Директорлар кеңесінің комитетінде төрағалық ету (жылына):  
Аудит жөніндегі комитет – 25 мың АҚШ доллары  
Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет – 15 АҚШ доллары  
Сыйақылар жөніндегі комитет – 15 АҚШ доллары.
- 4) Тәуелсіз директорлардың мәжілісі – бір мәжіліс үшін 2,5 мың АҚШ доллары.

2. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына жоғарыда айтылған талаптарда Қоғамның тәуелсіз директорларымен жасалатын шарттарға Қоғамның атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

Күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша шешім қабылданғаннан кейін Қоғам жиналысының төрағасы Д.Д. Теребриков акционерлерге Жиналысқа қатысқаны үшін алғыс айтты және Жиналысты жабық деп жариялады.

Қоғамның жиналысы 11 сағат 15 минутта жабылды.

Акционерлердің жалпы  
жиналысының төрағасы

\_\_\_\_\_ Д. Тебриковаев

Акционерлердің жалпы  
жиналысының хатшысы

\_\_\_\_\_ А. Қасенов

Санақ комиссиясының  
мүшелері:

\_\_\_\_\_ Е. Райымбеков

\_\_\_\_\_ Д. Әлімов

\_\_\_\_\_ Ғ. Нұрғалиев

Қарапайым акциялардың  
10%-нан астамына ие  
акционерден

---

---

Д. Тебериков

Қарапайым акциялардың  
10%-нан астамына ие  
акционерден

---

А. Қайыржанов